

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - С.159-160

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БУРАБАЙ АУДАНЫ "ЕСІЛ-АГРО" ЖШС ТОПЫРАҚТАРЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ШАРАЛАРЫ

Кажибоева А.Ж., Асқар А.

Ауыл шаруашылығының басты өндіріс құралы – жер, оның үстіңгі құнарлы қабаты – топырақ. Топырақты ұтымды пайдаланып, ластанудан, әртүрлі факторлардың әсерінен қорғау үшін оның табиғатта таралуын, классификациясын және морфологиялық ерекшеліктерін, физикалық, химиялық қасиеттерін жақсы білу қажет.

Отандық және шетелдік егіншілік зерттеу жұмыстары ауыл шаруашылық жерлерді ұзақ пайдалану құнарлылығының төмендеуіне әкелетінін көрсетеді. Қарашірік құрамы төмендейді, сапасы өзгереді, қоректік заттардың жалпы формасы шығындалады, топырақ ерітіндісі реакциясы және топырақтың биологиялық белсенділігі өзгереді[1].

Ақмола облысы, Бурабай ауданы, "Есіл-Агро" ЖШС Кенесары ауылында орналасқан. Щучинск қаласынан 31 км қашықтықта орналасқан. Ақылбай, Абылайхан, Жаңатілек, Мәдениет, Баянбай, Кенесары, Қарабұлақ, Асқартау ауылдық округтерінің аумақтарын алып жатқан, шаруашылық 2005 жылы құрылған.

Шаруашылықтың негізгі өндірістік бағыты дәнді дақылдар, оның ішінде: бидай, арпа, сұлы болып табылады. Қазіргі уақытта майлы және астық дақылдарын өсірумен қатар, астық дақылдарының жаңа сорттарын игеріп, топырақ құнарлығын сақтау және оған қажетті заттарды тиімді пайдалану мақсатында жоғары техникалық машиналармен жұмыс жасауда.

Аймақтың климаты құрғақ шұғыл континенталды. Жылдық орташа температурасы +0,60 С. Орташа жылдық ылғал мөлшері соңғы 10 жылда 250-ден 400мм аралығында. Шілде айында көп ылғал мөлшері түседі. Қыстақар мөлшері аз, соңғы жылдары қатты суық емес. Вегетация кезеңінің созылу ұзақтығы 110-130 күн. Желдің бағыты жыл бойына басым болып келеді. Климаттың қолайсыздығына қарамастан жер қолданылған аймақтарда, топырақ ылғалдылығын сақтауға бағытталған агротехникалық іс-шараның кешенімен талаптарды сақтай отырып, жыл сайын жоғары және сапалы өнім алынуы мүмкін.

"Есіл-Агро" ЖШС аумағы қарашірігі мол орман алқабында орналасқан. Негізінен, шаруашылықта кәдімгідей, карбонатты текті, орташа, аз

қарашірінділі кәдімгі қара топырақтар тараған. Сонымен қатар, шалғынды, шалғынды қара топырақ, шалғынды-батпақты, сор және сортаң топырақтар кездеседі.

Шаруашылық құрамындағы «Ақылбай» ауылы аумағынан алынған топыраққа морфогенетикалық сипаттама беріліп, топырақ үлгісі алынды. Топырақ үлгілерінен физикалық, физикалық-химиялық қасиеттері анықталды.

Кәдімгі қара топырақтың морфологиялық сипаттамасы келесідей:

Ажыр 23-30 см - қара-сұр, түйіртпегі дәнге ұқсас, немесе дәнше-кесекті.

B_1 17-24 см - күрең реңді қара-сұр болады, құрылымы кесекті немесе кесекті призмалы, жалпы қарашірінді қабатының ($A+B_1$) қуаты 43-59 см.

B_2 10-35 см - құрылымы кесекті, әлсіз байланысқан кесекті.

BC 16-45 см - жалпы күрең-қоңыр түсті қабат бойында, кейде қара-қоңыр түсті қарашірінді тілдері байқалады және C 81-111 см тереңдіктен (орташа есеппен 97-см-ден) басталады.

Топырақтың A қабатында қарашірінді мөлшері 5,6-6,0 %. Гранулометриялық құрамы құмбалшықты және балшықты болып келеді және оның құрамында тозаң бөлшектердің мөлшері мол (0,001 мм-ден кіші бөлшектер 35-40%). Сондықтан қарашіріндінің және тозаң бөлшектерінің мол болуы топырақтың суға төзімді, жақсы түйіршіктелген құрылымды болуына қолайлы әсерін тигізеді [2].

Әртүрлі дәрежеде құнарлылықты молайтуда өсімдік шаруашылығы өнімін алу үшін экономикалық тиімді, қуат үнемдегіш, экологиялық негізделген технологиялар қарастырылмаған. Бұл тапсырмаларды қолда бар жаңарылған табиғи ресурстарды тиімді қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

Табиғи ресурстарды қолдану қуат шығынын азайта отырып, ауыспалы егістегі ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруға, өндірістің рентабельділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты ауылшаруашылық дақылдары өнімділігі және топырақтың азотты және қарашірікті жағдайына әртүрлі және мәденилендірілген тыңайтқыштар жүйесі әсерін кешенді зерттеу қажеттілігі туады. Барлық технологиялық операцияларды жоғары өндірілген агрегаттармен және ауыл шаруашылық құралдарымен мамандандырылған жұмыс органдарымен жүргізу қажет.

Қорытындылай келе, топырақтың қасиеттерін сақтай отырып, агрономиялық сипаттамасын тиімді пайдалану үшін ауыспалы егісте дақылдардың реттілігін, кейінгі әсерлерін қатаң қадағалау, жоғары өнімді сұрыпты қолдана отырып технологиялық операцияларды жоғары өндірілген агрегаттармен атқару керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Панин М.С. Формы соединений Мп при различных дозах его внесения в темно-каштановую почву / М.С. Панин, А.С. Королев // Агрохимия.-2006.-№7.-С.40-48.

2. Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан: Отчет о проведении агрохимического обследования почв ТОО «Есиль-Агро» Щучинского района, Акмолинской области/исп: ТОО «Кокшетауская проектно-исследовательская станция химизации»- Кокшетау, 2006.-МЕБ № 00243

3. Peigne J, Vian Jean-Francois, Payet Vincent, Nicolas P.A. Soil fertility after 10 years of conservation tillage in organic farming // Soil and Tillage Research. –2018. - Volume 175. –P. 194-204.

Ғылым жетекшісі: Кенжегулова С.О., а.ш.ғ.к., аға оқытушы